

**Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 111 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 наурызда № 10533 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 261) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларын бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*В. Школьник*

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің

## **Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 11.02.2021 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 261) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) есеп айырысу кезеңі – электрмен жабдықтау шартында айқындалатын, көрсетілген қызметтер және (немесе) электр энергиясын жеткізгені үшін есеп айырысу жүргізілетін уақыт бөлігі;

2) нақты теңгерім – электр энергиясының бөлшек сауда нарығындағы субъектілердің есеп айырысу кезеңінде жеткізген және тұтынған электр энергиясы көлемінің атаулы бөлінуін белгілейтін, өңірлік деңгейдегі электр желілерін пайдаланатын энергия беруші ұйым жасаған құжат;

3) өңірлік деңгейдегі электр желілері – бір облыс ішіндегі аудандар арасында не әртүрлі облыстардың аудандары арасында электр энергиясын беруге арналған кіші станциялардың, тарату құрылғыларының және оларды қосатын электр беру желілерінің жиынтығы;

4) техникалық шарттар – электр желілеріне қосуды орындау үшін қажетті техникалық талаптар;

5) электрмен жабдықтау шарты – электрмен жабдықтаудың үлгілік шарты негізінде жасалатын келісім, оған сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйым тұтынушыға жалғастырылған желі арқылы энергия беруге міндеттенеді, ал тұтынушы алған электр энергиясына ақы төлеуге, сондай-ақ оны тұтынудың шартта көзделген режимін сақтауға, өзінің қарамағындағы электр желілерін пайдалану қауіпсіздігін және электр

энергиясын тұтынуымен байланысты олар пайдаланатын аспаптар мен жабдықтардың жарамдылығын қамтамасыз етуге міндеттенеді;

б) уәкілетті орган – электр энергетикасы саласында басшылық ететін мемлекеттік орган.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

**2-тарау. Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және осы нарықта қызмет көрсету тәртібі**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 11.02.2021 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-параграф. Энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясының бөлшек сауда нарығына қатысуы**

Ескерту. 1-параграф алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-параграф. Энергия беруші ұйымдардың электр энергиясының бөлшек сауда нарығына қатысуы**

5. Энергия беруші ұйымдар электр энергиясының бөлшек сауда нарығында электр энергиясын электр желілер арқылы шарттық талаптарда беру бойынша қызмет көрсетеді.

5-1. Егер электр энергиясын беру мен энергиямен жабдықтауды бір заңды тұлға жүзеге асыратын болса, онда электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсыну тұтынушылар үшін энергиямен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнына қосылады.

Ескерту. Қағидалар 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-2. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар тұтынушыларды энергиямен жабдықтау мақсатында 2025 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде энергия тұтынушыларды электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызмет түріне лицензия алған энергия беруші ұйымдарға береді.

Тұтынушыларды беру шеңберінде энергиямен жабдықтаушы ұйым электр энергиясының бөлшек сауда нарығының тұтынушылары туралы ақпаратты тиісті энергия беруші ұйымға береді, оның ішінде:

- электрмен жабдықтау шарттарының көшірмелері (бар болса);
- тұтынушының атауы (заңды тұлғаларға қатысты);
- тұтынушының заңды және нақты мекенжайлары;
- электр энергиясының тарифтері;
- энергиямен жабдықтаушы ұйым абонентінің нөмірі;
- тұтыну тобы;
- бірыңғай есеп айырысу орталығының дербес шотының нөмірі (бар болса);
- тұратын адамдардың саны (жеке тұлғаларға қатысты);
- тарифтерді саралау түрі;
- жәрдемақы түрі (тұтынудың жеңілдік мөлшерлемесі);
- пошта индексі;
- электр плиталарының болуы (жеке тұлғаларға қатысты);
- банк деректемелерін (заңды тұлғаларға қатысты) береді.

Электр энергиясы мен қуатының көтерме және бөлшек сауда нарықтарында өзінің қызмет көрсету аймағы (әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс)) шегінде энергиямен жабдықтаушы ұйымның жұмыс істеуі нәтижесінде туындаған кредиторлық және дебиторлық берешектерді беру кезінде, тиісті энергиямен жабдықтаушы ұйым мен энергия беруші ұйым арасында 2025 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде электр энергиясының бөлшек сауда нарығы субъектілерімен электрмен жабдықтау шарттары шеңберінде энергиямен жабдықтаушы ұйымның дебиторлық берешегі бойынша талап ету құқығын басқаға беру және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығында жасалған шарттар бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйымның кредиторлық берешегін аудару туралы келісім жасалады.

Бұл ретте келісім тараптары жасалған келісімнің көшірмесін жүйелік операторға, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға, бірыңғай сатып алушыға, теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына жібереді.

Жасалған келісім тұтынушылардан тұтынылған электр энергиясы үшін төлемдерді қабылдау, сондай-ақ кредиторлық берешекті өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындау үшін энергия беруші ұйымның негізі болып табылады.

**Ескерту. Қағидалар 5-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Энергия беруші ұйымдар электр энергиясының бөлшек сауда нарығында өз қызметін жүзеге асыру процесінде:

1) электр энергиясын электр желілеріне қызмет көрсету арқылы айдау және беру көлемінің есебін жүргізеді;

2) коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуды жүзеге асырады, қызмет көрсетілетін желілерге қосылған барлық бөлшек тұтынушылардың тұтыну көлемін айқындайды және осы ақпаратты өңірлік электр желілерін пайдаланатын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен энергия беруші ұйымдарға береді;

3) өздерінің желілері бойынша берілетін электр энергиясының сапасын қамтамасыз етеді және бақылайды;

4) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес жасалған шарттар мен белгіленген талаптарға сәйкес электр энергиясын беру сенімділігін қамтамасыз етеді;

5) қызмет көрсету желілеріне және шаруашылық мұқтаждықтарына беру кезіндегі электр энергиясының технологиялық шығындарын жабу үшін электр энергиясын сатып алуды жүргізеді;

6) өз желілеріне электр желілерін және тұтынушылар қондырғыларын қосуға арналған техникалық шарттарды беруді жүзеге асырады;

7) электр энергиясын беруді тоқтату (шектеу) жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

7. Өңірлік деңгейдегі электр желілерін пайдаланатын энергия беруші ұйымдар осы Қағидалардың 6-тармағында аталғандарға қосымша:

1) электр энергиясын сатып алу-сату үшін жасалған шарттар мен оны беру шарттары туралы дерекқор қалыптастырады;

2) электр энергиясының бөлшек сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын жеткізу мен тұтынушының нақты теңгерімін жасайды;

3) тұтынушылар мәлімдеген электр энергиясы көлемін берудің техникалық мүмкіндіктерін және олардың коммерциялық есепке алу жүйелерінің Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес белгіленген талаптарына сәйкестігін қарайды;

4) өңірдің электр желілерінің перспективалық даму жоспарын әзірлейді және олардың негізінде өңірлік деңгейдегі электр желілерін жоспарлы дамытуды жүзеге асырады;

5) энергиямен жабдықтаушы ұйымның қызметін электр энергиясының бөлшек сауда нарығында тоқтату немесе олардың бөлшек тұтынушыларды электрмен жабдықтауды тоқтату фактілерін анықтайды және ол туралы электр энергиясын кепілдікпен жеткізушіге хабарлайды.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-параграф. Энергия жабдықтаушы ұйымдардың және тұтынушылардың электр энергиясының бөлшек сауда нарығына қатысуы**

9. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар электр энергиясының бөлшек сауда нарығында тұтынушыларға электрмен жабдықтау жария шарттарына сәйкес сатады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар электр энергиясының бөлшек сауда нарығында өз қызметін жүзеге асыру процесінде:

1) осы Қағидалардың 5-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, жасалған шарттарға сәйкес жеткізу-тұтыну режимдерін жүргізу бойынша энергия беруші ұйымдардың жедел өкімдерін орындайды;

2) энергия беруші ұйымдарға осы Қағидалардың 5-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын сатып алу-сатуға және электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер көрсетуге жасалған шарттар бойынша электр энергиясын жеткізу-тұтынудың тәуліктік графигін береді;

3) осы Қағидалардың 5-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, энергия беруші ұйымдармен тұтынушыларға электр энергиясын беру шарттарын жасасады;

4) осы Қағидалардың 5-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, энергия беруші ұйымдардың электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтеріне ақы төлейді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Энергиямен жабдықтаушы ұйымның қызмет көрсету аймағы олар жасасқан энергиямен жабдықтау шарттарына сәйкес электр энергиясын беруге шарттар жасалған, желілеріне тұтынушылар қосылған өз желілерінің, энергия беруші ұйымдар желілерінің шекарасымен, сондай-ақ бөлшек сауда тұтынушыларын энергия өндіруші ұйымдардың электр станцияларының шиналарына қосу нүктесімен айқындалады.

Бұл ретте кепілдік беріп жеткізуші өзге энергиямен жабдықтаушы ұйымға қызмет көрсету аймағынан тыс уәкілетті орган айқындайтын әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) шегінде ғана электр энергиясын өткізуді жүзеге асырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-1. Энергиямен жабдықтаушы ұйым электр энергиясын өзінің электр желілері орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) шегінде ғана өткізеді.



Энергиямен жабдықтаушы ұйым басқа энергиямен жабдықтаушы ұйымның желілеріне қосылған тұтынушыларды энергиямен жабдықтауды жүзеге асырмайды.

**Ескерту. Қағидалар 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Уәкілетті орган энергия беруші ұйымдар берген тұтынушылар саны туралы ақпараттың негізінде әрбір әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) үшін осы әкімшілік-аумақтық бірліктегі тұтынушылар саны неғұрлым көп электр энергиясын кепілдік беріп жеткізуші болып табылатын энергиямен жабдықтаушы ұйымды айқындайды.

Кепілдік беріп жеткізушіні айқындау үшін уәкілетті орган қызметті тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте (облыс) жүзеге асыратын энергия беруші ұйымдардан ақпарат сұратады.

Уәкілетті орган кепілдік беріп жеткізушілер туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Энергия беруші ұйымның оралымды-диспетчерлік басқаруы қолданылатын аумақ және энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен электр энергиясын беруге жасалған шарттарға сәйкес энергия беруші ұйымның электр желілері арқылы электр энергиясын алатын, сондай-ақ энергия өндіруші ұйымдардың электр станцияларының шиналарына қосылған барлық тұтынушылар электр энергиясына кепілдік беріп жеткізушілердің жауапкершілік аймағы болып табылады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен тұтынушылар арасындағы энергиямен жабдықтау шарттары Қазақстан Республикасының Министрінің 2017 жылғы 23 қазандағы № 356 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15978 болып тіркелген) Үлгілік шартқа сәйкес жасалады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Энергиямен жабдықтаушы ұйым энергиямен жабдықтау шарттарын бұзған кезде өз тұтынушылары мен энергия беруші ұйымдарға және электр энергиясын кепілдікпен жеткізушіге электрмен жабдықтаудың тиісті шарттарды бұзу туралы жазбаша (егер шарт жазбаша нысанда жасалса) немесе электрмен жабдықтау қызметтік төлеу шоттарында тиісті ақпаратты орналастыра отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ монополияға қарсы органға (егер энергиямен жабдықтаушы ұйым басым немесе монополиялық орын алатын, нарық субъектілерінің мемлекеттік нарығына енгізілсе) күнтізбелік екі ай бұрын хабарлайды.

15-1. Энергиямен жабдықтаушы ұйымды энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиядан айыру (кері қайтарып алу) мерзімі басталғанға дейін бір күнтізбелік ай бұрын осы ұйым жасасқан тұрмыстық тұтынушылармен электрмен жабдықтау шарттары осы тұтынушы энергиямен жабдықтаушы ұйымның бастамасы бойынша қызмет көрсету аймағында орналасқан жаңа энергиямен жабдықтаушы ұйыммен қайта жасаспайды.

Электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланбайтын тұтынушылар үшін электрмен жабдықтау шарты тұтынушының бастамасы бойынша қайта жасалады.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар үшін электрмен жабдықтау шарты 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қайта жасалады.

Бұл ретте оны қайта жасасуға бастамажасамаған тұтынушының шарты белгісіз мерзімге және сол шарт жасасу кезінде көзделген талаптарда ұзартылған болып есептеледі.

Қағидалардың осы тармағының төртінші бөлімінде көрсетілген электрмен жабдықтау шарттары әрбір шарт бойынша ілеспе деректермен бірге құқықтар мен міндеттемелерді беру жолымен, тиісті қабылдау-беру актілерін жасай отырып және бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жариялау жолымен, сондай-ақ шарт акцептінде көрсетілген тәсілмен тұтынушыны хабардар ете отырып, жаңа энергиямен жабдықтаушы ұйымға беріледі.

**Ескерту. Қағидалар 15-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен энергиямен жабдықтау шарттарын жасасуға ниет білдірген және тиісті энергия жабдықтаушы ұйымдармен электрмен жабдықтау шартын бұзу туралы хабардар болған тұтынушылар шартты бұзу туралы хабарламаны (егер шарт жазбаша нысанда жасалса) алған немесе хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдары жарияланған сәттен бастап бір ай ішінде энергиямен жабдықтаушы бөгде ұйымға (бұдан әрі – жаңа энергиямен жабдықтаушы ұйым) өтінішпен жүгінеді.

17. Жаңа энергиямен жабдықтаушы жаңа ұйым энергиямен жабдықтау шартын (немесе бұрынғы энергиямен жабдықтау шарты бойынша құқықтар мен міндеттемелерге көшу туралы келісім):

1) бұрынғы электрмен жабдықтаушы ұйымда энергиямен жабдықтау шартын жасау үшін қажетті, сәйкес тұтынушының құжаттарының толық пакеті болған жағдайда;

2) қолданысы тоқтаған сәтте бұрынғы энергиямен жабдықтаушы ұйыммен энергиямен жабдықтау шартының талаптарын тұтынушылар сақтаған жағдайда жасайды.

18. Бұрынғы энергиямен жабдықтаушы ұйыммен электрмен жабдықтау шартын бұзу туралы хабарламаны алған немесе хабарландыру жарияланған сәттен бастап бір ай



ішінде энергиямен жабдықтау шартын жасасу туралы тұтынушының өтініші болмаған жағдайда, жаңа энергиямен жабдықтаушы ұйым тұтынушыға энергиямен жабдықтау бойынша қызметтерді одан әрі алу ниетін білдірген жағдайда энергиямен жабдықтау шартын жасасу қажеттілігі туралы жазбаша хабарламаны жібереді.

19. Хабарламаны алған сәттен бастап бір ай өткен соң тұтынушының электрмен жабдықтау шартын жасасу туралы өтініші болмаған кезде жаңа энергиямен жабдықтаушы ұйым бұрынғы энергиямен жабдықтаушы ұйым тұтынушысына электр энергиясын беруді тоқтады.

20. Жаңа энергиямен жабдықтаушы ұйым бұрынғы энергиямен жабдықтаушы ұйымның өкілдерімен коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін жазып алуды жүргізеді және үш жақты қабылдап алу-тапсыру актісін жасайды, оған энергия жабдықтаушы ұйымның беретін және алатын өкілдері мен тұтынушылары қол қояды. Бұл тапсыру-қабылдап алу актісі тараптардың өзара есеп айырысуы үшін негіз болады. Тапсыру-қабылдап алу актісіне сәйкес бұрынғы энергиямен жабдықтаушы ұйым түпкілікті есептесу үшін тұтынушыға шот береді.

21. Тапсыру-қабылдап алу актісінің көшірмесі электр энергиясының теңгерімін жасау үшін энергия беруші ұйымға беріледі.

22. Электр энергиясын тұтынушылар электр энергиясының бөлшек сауда нарығында:

1) жасасқан шарттардың талаптарына сәйкес электр энергиясын алады және тұтынады;

2) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен есепке алу жүйесінің сараланған тарифтері бойынша электр энергиясын тұтыну үшін төлем жүргізеді;

3) тұтынушының меншігіндегі электр қондырғылары мен электр энергиясының коммерциялық есепке алу аспаптарын тиісті техникалық күйде ұстайды;

4) тұрмыстық тұтынушыларды қоспағанда, электрмен жабдықтау шартында белгіленген электр тұтыну режимін сақтайды;

5) энергиямен жабдықтаушы және энергия беруші ұйымдардың қызметкерлерін коммерциялық есепке алу аспаптарына, сондай-ақ мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі органның қызметкерлерін электр және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйін және пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жібереді.

22-1. Энергиямен жабдықтаушы ұйымды ауыстыру үшін тұтынушы жаңа энергиямен жабдықтаушы ұйымға энергиямен жабдықтаушы ұйымдарды ауыстыру туралы еркін нысандағы өтініш жібереді.

Жаңа энергиямен жабдықтаушы ұйым 1 (бір) жұмыс күні ішінде бұрынғы энергиямен жабдықтаушы ұйымды және энергия беруші ұйымды келіп түскен өтініш туралы хабардар етеді.

Тұтынушы өтініш берген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде энергиямен жабдықтаушы жаңа ұйым бұрынғы энергиямен жабдықтаушы ұйымның өкілдерімен және энергия беруші ұйымның өкілдерімен коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері санағын жүргізеді және қабылдап - беру актісін жасайды, оған энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың өкілдері мен тұтынушы қол қояды. Осы қабылдау - беру актісі тараптардың өзара есеп айырысуы үшін негіз болады.

Бұрынғы энергиямен жабдықтаушы ұйым қабылдау - беру актісі жасалған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде түпкілікті есеп айырысу үшін тұтынушыға шот береді.

Тұтынушы шоттарды өтеген сәттен бастап бұрынғы энергиямен жабдықтаушы ұйым 3 (үш) жұмыс күні ішінде жаңа энергиямен жабдықтаушы ұйымға электрмен жабдықтау шартын жасау үшін қажетті тиісті тұтынушының құжаттар пакетін жібереді.

**Ескерту. 22-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-тарау. Электр энергиясының бөлшек сауда нарығының жұмыс істеу тәртібі**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 11.02.2021 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

23. Электр энергиясының бөлшек сауда нарығында жасалатын электр энергиясын сатып алу-сату және беру электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйелерінің көрсеткіштеріне сәйкес желілеріне бөлшек сауда тұтынушылары қосылған энергия беруші ұйымдардың деректеріне сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Энергиямен жабдықтаушы ұйым тұтынушылар берген тұтыну туралы ақпарат бойынша, сондай-ақ электр тұтыну режимін сақтау жөніндегі талаптар қойылмайтын тұтынушыларды есепке ала отырып, алдағы тәуліктерге өтінімдерді қалыптастырады.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**25. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

26. Осы Қағидалардың 5-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда энергия беруші ұйым өз желілеріне қосылған электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарықтары субъектілерінің тұтынуын ескере отырып, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен көтерме тұтынушылардың тәулік сайын ұсынған өтінімдері негізінде өзінің тәуліктік графигін қалыптастырады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 20.12.2024 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Жүйелік оператор келіскен және бекіткен энергия беруші ұйымның тәуліктік кестесі энергия беруші ұйымға, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға және көтерме тұтынушыларға орындау үшін беріледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Энергиямен жабдықтаушы ұйымның тәуліктік кестеде бекітілген электр энергиясының мәлімделген көлемдерінен асып кету электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында реттеледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде есеп айырысу кезеңінің нәтижелері бойынша энергия беруші ұйым электр энергиясының электр энергиясының бөлшек сауда нарығында өзара есеп айырысу үшін негіз болып табылатын нақты теңгерімді жасайды. Электр энергиясының бөлшек сауда нарығында электр энергиясын жеткізу-тұтынудың нақты теңгерімінде электр энергиясының бөлшек сауда нарығының әрбір субъектісі бойынша мыналар көрсетіледі:

1) электр энергиясының бөлшек сауда нарығы субъектілерінің әрқайсысы бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен электр энергиясын сатып алу-сату шарттары бойынша электр энергиясының бөлшек сауда нарығында электр энергиясын жеткізудің (тұтынудың) түзетулерін ескере отырып, тәуліктік кестеге мәлімделген көлемі;

2) коммерциялық есепке алу аспаптарында тіркелген электр энергиясының бөлшек сауда нарығына жеткізілген және тұтынылған электр энергиясының нақты саны.

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Электр энергиясының импортына арналған мәмілелер бойынша электр энергиясының бөлшек сауда нарығында туындаған қатынастар тиісті шарттарда Қазақстан Республикасының электр энергетикасы заңнамасында және мемлекетаралық келісімдерде көзделген тәртіппен реттеледі.

31. Электр энергиясының импорты, егер қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын ратификацияланған халықаралық шартпен өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасымен кеден заңнамасының талаптары орындалған жағдайда жүзеге асырылады.

32. Энергия беруші ұйымдардың не желілердің өзге де иелерінің электр желілері арқылы беруге электр энергиясының нақты шығысы (электр энергиясының нақты ысырабы) тұтынушылар алған және басқа энергия беруші ұйымдардың желілеріне берілген электр энергиясының көлемін шегергендегі электр энергиясын жеткізу

нүктелерінде белгіленген коммерциялық есепке алу жүйелерінің деректері бойынша генерациялайтын көздерден және басқа да энергия беруші ұйымдардан электр желісіне кірген электр энергиясының жиынтық көлемі арасындағы айырма ретінде айқындалады.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

33. Энергия беруші ұйымдардың электр желілеріндегі электр энергиясының нормативтік шығысының шамасын анықтау "Электр энергетикасы саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 580 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14771 болып тіркелген) 30-қосымшаға сәйкес бекітілген Электр желілеріндегі электр энергиясы шығындарының нормативтік шамасын есептеу әдістемесіне сәйкес белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

34. Энергия беруші ұйымдардың желілеріндегі осы Қағидалардың 33-тармағына сәйкес есептелген электр энергиясының нақты шығынының шамалары олардың желілерінде оны беру жөніндегі электр энергиясының нормативтік шығынының шамаларынан асып кеткен жағдайда электр энергиясының осы көлемдері энергия беруші ұйымдардың шығындарына жатады.

35. Энергия беруші ұйымдардың желілеріндегі электр энергиясының нормативтік технологиялық ысыраптарын өтеуге байланысты шығындары энергия беруші ұйымдардың тарифінде ескеріледі және оны Табиғи монополиялар туралы заңның 16-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына және 17-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес белгіленген тәртіппен осы энергия беруші ұйыммен электр энергиясын беруге шарт жасасқан энергия беруші ұйымның тұтынушылары төлейді.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 248 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

36. Электр энергиясының бөлшек сауда нарығы субъектілері арасындағы қаржылық өзара есеп айырысулар электрмен жабдықтау, сатып алу-сату, қызметтер көрсету шарттарында белгіленген тәртіппен, мерзімдер мен шарттарда жүргізіледі.

37. Электр энергиясын беру жөніндегі нақты көрсетілген қызметтер үшін қаржылық өзара есеп айырысулар табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекіткен тарифтер мен есептік бір ай ішінде электр энергиясының нақты теңгеріміне енгізілген, тұтынылған электр энергиясының мөлшері бойынша жүргізіледі.

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 25.12.2017 № 471 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң**

қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК